

Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 желтоқсандағы N 1166 Қаулысы

Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар, Индустрия және сауда министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен 2007 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде мұнай-газ және тау-кен өндіру секторының жер қойнауын пайдаланушыларының 2005 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыруға байланысты Өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі - Меморандум) қосылуына қатысты олармен келіссөздер жүргізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, 2007 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде мыналарды :

1) Жер қойнауын пайдалануға құқық беру жөніндегі келісім-шартты жасасудың бір шарты ретінде әлеуетті қатысушылардың Меморандумға қосылуын;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың аудиторлары растаған Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының талаптарына сәйкес мұнай-газ және тау-кен өндіру секторының жер қойнауын пайдаланушыларының есеп беруін көздейтін заң жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі